

# ҚАЗАҚ



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



№ 16 (1526)  
29 сәуір  
2014 ЖЫЛ

# УНИВЕРСИТЕТІ

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz

## УНИВЕРСИТЕТ ДАМУЫ ЖОСПАРҒА САЙ

*Кешегі ректорат отырысында экономикалық және өндірістік мәселелер жөніндегі проректор Мақтағали Бектемесов «2013 жылғы даму жоспарының» орындалуы жөнінде есеп берді.*

Проректор қаржылық-өндірістік қызметтің негізгі міндеті – университет дамуын қамтамасыз ету екендігін айтты. Ал тапсырмалар қолда бар ресурстардың тиімділігін арттыру, жаңа нарықты игеру және жаңа табыс көздерін тарту, тиімсіз шығыстарды анықтау болып табылады.

Мақтағали Әбдімәжитұлы, алдымен, табыс құрылымына тоқталды. Оның айтуынша, жалпы табыстың 77%-ы – бюджеттік қаржыландыру, 23%-ы – бюджеттен тыс кірістер. Әрине, бюджеттен тыс табыстың негізгі бөлігін ақылы бөлім студенттері құрайтыны анық. Осы орайда проректор абитуриент тарту мәселесіне ерекше назар аудару қажеттігін тілге тиек етті. Сондай-ақ ол жалпы шығыс көлемін



## ГРАДООБРАЗУЮЩИХ ПРЕДПРИЯТИЙ

Недавно в КазНУ состоялась международная онлайн видеоконференция на тему: «Градообразующие предприятия: назад в будущее или вперед в прошлое?». Организатором является кафедра государственного и муниципального управления РЭУ им. Г.В. Плеханова (Москва, РФ). Активное участие принимала кафедра теории и истории государства и права, конституционного и административного права КазНУ. С научными докладами на конференции выступили академик НАН РК, профессор С.С. Сартаев, зав. кафедрой, профессор Г.Р. Усеинова, а техническое сопровождение осуществлял преподаватель кафедры И. Нуруллаев.

В конференции участвовали депутаты Государственной Думы РФ, ведущие ученые и специалисты, служащие государственных и муниципальных органов власти, представители общественных организаций, политических партий и средств массовой информации. На мероприятии были обсуждены проблемы градообразующих предприятий России и Казахстана.

Выступающие на конференции отмечали, что на ситуацию в сфере градообразующих предприятий крайне негативно влияют фактическое отсутствие развитой и конкурентной инфраструктуры, высокий уровень коррупции и несовершенство законодательства. Участники конференции убеждены, что дальнейшее развитие градообразующих предприятий является одной из важнейших задач государства. Конференция считает, что от состояния градообразующих предприятий во многом зависит социально-экономическое положение страны и ее национальная безопасность.

Участники конференции считают, что для решения стоящих перед градообразующими предприятиями задач необходимо: принятие последовательных и системных решений законодательного характера; обеспечить комплекс мер по социальной защите работников градообразующих предприятий, и т.д.

**А.С. ИБРАЕВА**,  
профессор кафедры теории и истории  
государства и права

## ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚ: ҚҰРУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ МЕН ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАР

Күні кеше ҚазҰУ-да «Еуразиялық Экономикалық Одақ: құру проблемалары мен даму перспективалары» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Тақырыпты талқылау барысында ЕурАзЭО құру мәселелері, Қазақстан үшін оның мүмкін қауіптері, сондай-ақ интеграцияланған экономиканың ұлттық экономика үшін пайдасы мен зияны анықталды. Егер де осындай экономика құрудың Қазақстан үшін кемшіліктеріне экономиканың шикізатқа бағытталғандығы, отандық тауар өндірушілердің бәсекеге қабілетсіздігі, сонымен қатар заң жобаларындағы кейбір міндеттер жатқызылса, оның артықшылықтарына келесілер жатқызылды: елге импортталатын тауарлардың 37,5%-ы Кеден Одағына мүше елдерден алып келінеді, кедендік баж және жеткізу шығындарының төмен болуы салдарынан КО елдерінен импортталатын тауарлардың бағасы басқа елден

импортталатын тауарлар бағасына қарағанда әлдеқайда төмен; Ресей мемлекетінің ДСҰ-на құрамына кіруі біздің елге Ресей арқылы батыс нарығына шығуға мүмкіндік береді; ЕурАзЭО құрылғанда кедендік режимдегі кейбір сәйкессіздіктер жойылады, бұл өз кезегінде бәсекелестікті қамтамасыз етіп, тұтынушылар үшін жағымды жағдайды қалыптастырады. Сонымен қатар экономикалық қауіпсіздік пен саяси тұрақтылық та ЕурАзЭО-ның артықшылықтарына жатқызылды.

Дөңгелек үстелдің қорытындысында интеграциялық үрдіске келеңсіз қарауға болмайды, бұл объективті үрдіс болып табылады деген түйінге келді.

Заманауи уақытта аймақтану үрдісі жалпы әлемдік тенденция болды. Өйткені саяси және экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін елдердің аймақтық экономикалық кеңістіктегі қатынастары қажет. Интеграциялану үрдісінен болатын жоғалтуларды азайтудың

негізгі шарты және ұлттық экономика бәсекелестік артықшылықтарын максимумға дейін пайдалануға мүмкіндік болғанды интеграциялану үрдісінен Қазақстанда тұрақты бәсекеге қабілетті экономиканы қажеттігі туындайды. Осылайша, Еуразия Экономикалық Одақ постсоветтік кеңіс тарихтағы жаңа бастама болады қатысушы елдерді перспективалы бол күтеді. Өйткені аймақтық интеграция рет Еуразиялық Экономикалық Одақты негізінде қатысушы елдердің бірігуі ар экономиканы болжамды ете алады, жаңа экономиканың тұрақсыздығынан бол жағымсыз әсерлерді төмендеті алады жаһандық реттеудің жаңа тетігін қамтам ете алады.

**Р.Т. ДУЛАМБА**  
Э.ғ.д., профес  
**А.Б. САҒЫНДЫҚ**  
магист

## УКРАИНАДАҒЫ ШИЕЛЕНІСКЕН ЖАҒДАЙ

*Жақында халықаралық қатынастар факультетінде «Ukrainian crisis» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Дипломатиялық аударма кафедрасы ағылшын тілі оқытушыларының ұйымдастыруымен өткен бұл шарада Украина мемлекетінің қазіргі ахуалы, келешегі, өз арасындағы талас-тартыстар, тіпті басты жаңалыққа айналған референдумды да студенттер ағылшын тілінде қызу талқылады.*

Дөңгелек үстелде Украинадағы жағдайға байланысты АҚШ пен ЕуроОдақтың ұстанымдары туралы маңызды мәселелер қозғалды. Қырымның Украина құрамынан шығуының заңды аспектілері мен уақытша үкіметтің заңдылығы туралы мәселелер талқыланды. Украинадағы жағдай. Студенттер. Сарқылмас сұрақтар. Талқыланған мәселелер дөңгелек үстел

қатысушыларын бей-жай қалдырмады. Қырымдағы келеңсіздіктер енді қайта орын алуы мүмкін бе? Оның Қазақстанға әсерінің болуы мүмкін бе? Кезегімен қойылып жатқан сауалдар дөңгелек үстелді одан әрі қыздыра түскендей. Болшақ халықаралық мамандар бұл оқиғаға қатысты өз ойларын түйді. “Украина төңірегінде қалыптасқан бүгінгі жағдай өзге елдер үшін де өз

кезегіндегі бір сынақ, сын сәт деп айтуға болады. Өйткені бұл оқиға. посткеңестік кеңістікте қалыптас мемлекетаралық қарым-қатынастард негізгі принциптеріне ықпал жасауд - дейді студенттер. Өткізілген дөңгел үстел нәтижесінде студенттер Украина орын алған шиеленіс бейбіт жолм шешілуі керек деген тұжырымға келді.

**М.Н. НҰРҒАЛИЕВА**  
**З.М. ТОҚМУХАМЕДОВА**  
дипломатиялық аударм  
кафедрасының аға оқытушылары

Жалғасы. Басы 1-бетте

«РУХАНИЯТТЫҢ ҮШ ТӨБЕГІ», ШЕЛЕСЕ ШІТӨБЕГІ